

Алақол жағалауы ажарланып келеді



2-3 беттерде

Қаратал ауылында жаңа өрт сөндіру бекеті ашылды



3

ҚҰТТЫҚТАУ

Бұқаралық ақпарат қызметкерлерінің күні

Құрметті ауданымыздың бұқаралық ақпарат саласының қызметкерлері!

Халықтың тіршілігінен, әлеуметтік әл-ауқатынан, руханияты мен қоғам тынысынан хабар тарататын қалам иелерін 28 маусым-бұқаралық ақпарат қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен құттықтай отырып, сіздердің жазған әрбір мақалаларыңыздан, дайындаған сюжеттеріңізден елдің мұңы мен мұқтажын, ойы мен пікірін, талабы мен тілегін, қоғам дамуының тынысын айқын көріп отырмыз.

«Мақаншы айнасы» қоғамдық-саяси газеті аудан жұртымен етене араласып, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын жүзеге асыруға зор еңбек сіңіріп келеді. Сіздер арқылы ауданымыздың көш басындағы еңбек адамдарын, өндіріс озаттарын танып біліп жатырмыз. Аз уақытта баспа хабарлары арқылы сіздер өңірімізді қалыптасқан аудандардың қатарына қосылуына өлшеусіз үлес қостыңыздар. Атаулы күнге орай ауданымыздың «Мақаншы айнасы» газетінде еңбек етіп жүрген барша ақпарат қызметкерлері қауымын және БАҚ саласында қызмет еткен ардагерлерді мерекелеріңізбен құттықтаймыз! Өз кәсіптеріңізге адалдық танытып, ақпарат майданында маңызды жаңалық жеткізуді мұрат тұтқан игі істеріңізге табыс, шығармашылық шабыт тілейміз. Ауданымыздың дамуы, экономикалық бағыттағы жаңа идеялар мен жобаларды жүзеге асыру жолында аянбай еңбек етіңіздер!

Жанға дауа, дертке шипа мамандық иелері

Құрметті ақ халатты абзал жандар мен саналы ғұмырын медицина саласына арнаған ардақты ардагерлер! Әр жыл сайын маусымның үшінші жексенбісінде елімізде медицина қызметкерлерінің күні аталып өтіледі. Бұл - адам жанының арашасы болып жүрген дәрігерлер мен медбикелерге, жалпы, ақ халатты абзал жандарға деген елдің ерекше ілтипатын білдіретін айрықша күн.

Медицина қызметкері болу мәртебелі әрі жауапты мамандық екені баршаңызға белгілі. Бұл мамандық иесі – халықпен біте қайнасып қызмет жасайтын, қастерлі еңбек иесі. Жанға дауа, дертке шипа, денге саулық сыйлайтын сол ардақты мамандық иелерін кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтаймыз. Бүгінде ауданымызда медицина саласына баса назар аударылып, заманауи үлгіде медициналық емдеу орындары ашылуда. Мұның барлығы ел игілігіне арналған істер. Алдағы уақытта да халықтың ризашылығына бөленіп, ел өмірінің жақсаруына өз үлестеріңізді қоса берулеріңізге тілектеспіз. Жоғары кәсібилік пен адам өміріне деген жанашырлықтың үлгісін көрсетіп жүрген дәрігерлер мен медицина саласындағы өзге де мамандардың еңбегі қай кезде де елеулі. Мерекелеріңіз құтты болсын!

Дәурен Қойгелдин,
Мақаншы ауданының әкімі.
Болат Ауболов,
Мақаншы аудандық
мәслихатының төрағасы.

ТУРИЗМ

Алакөл жағалауы ажарланып келеді

Өңіріміздің бай табиғи ресурстарымен, тарихи-мәдени мұраларымен және ерекше географиялық ерекшеліктерімен танылған өлке екені жасырын емес. Соңғы жылдары қолға алынып келе жатқан өңірдің туризм саласын дамытуда әлеуеті зор. Алайда оны тиімді пайдалану үшін жүйелі жоспарлау мен стратегия қажет. Осы бағытты қолға алу үшін қазіргі таңда Абай облысында Алакөл аймағындағы туризмді дамытуға бағытталған бірқатар шаралар жүзеге асырылып жатыр. Дегенмен бұл сала әлі толықтай даму жолына түспесе де, алғашқы нәтижелер көзге көріне бастады.

Өткен маусым айының ортасынан аса ауданға келген облыс басшысы Берік Уәлиұлы Алакөл жағалауында болып, 2026 жылғы туристік маусымның ашылу рәсіміне қатысты.

- Соңғы жылдары әлем бойынша елімізге туристік бағыт алатын туристер саны қарқынды өсіп келеді. Бұл еліміздің жат жұрттарға таныла бастағанының бел-

облысындағы жағалауы Мысырдың Шарм-эль-Шейх пен Түріктің Белек курорттық аймақтарынан кем түспейтін болады, дейді астаналық мамандарымыз.

Бүгінде шипалы көл жағалауы 300-ден 3 мың гектарға дейін ұлғайтылмақ. Абаттандыру жүргізіліп, теңдессіз заманауи ғимараттар салынбақ. Жұмыс қазірдің өзінде басталып кетті.



гісі. Соның бірі біздің жаунарымыз Алакөл көлі. Шетелдік сарапшылар Қазақстандағы ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісім туристік саланың дамуына оң әсерін тигізіп отыр деп баға беруде. Сондықтан олардың Қазақстанға келуі жиілей түсті. Оның ішінде біздің де Алакөл бар. Мақаншы ауданында туризмнің кез-келген түрінің дамуына толықтай мүмкіндік бар. Шырайлы жеріміздің төсінде аспанмен түйіскен таулар, тұнық та мөлдір суларымыз бен өзендеріміз жазғы және қысқы туризмнің дамуына себеп болса, дархан даласының табиғаты отандық және шетелдік туристердің ерекше ықыласын туғызып отыр. Бүгінгі мақсатымыз өңірдегі туристік кластер мен инфрақұрылымды дамыту, туристік

Жағалауда ауқымды абаттандыру жұмыстары жүргізілді

Аудан әкімі Дәурен Қойгелдин облыс басшысы Берік Уәлиді Алакөл жағалауындағы абаттандыру жұмыстарының барысымен таныстырып өтті. Туристерге қолайлы жағдай жасау мақсатында биыл жағалаудағы 5 шақырымға жуық көше жолдарына асфальт төселді. Өткен жылы да осындай көлемде жұмыс жүргізілген. Бұдан бөлек, Қабанбай ауылы мен көл жағалауын жалғастыратын ұзындығы 5 шақырым жаяу жүргінші және велосипед жолы жаңартылып, жарық



кадрларды даярлап, серпінді жобаларды іске асыру және өлкеміздің туристік имиджін қалыптастыру, - деді өз сөзінде облыс әкімі.

- Иә, аймақ басшысы айтса айтқандай, бірер жылда Алакөлдің Абай

тартылып, Алакөл мен Қабанбай ауылы арасының жақындығына байланысты демалыс аймағының тазалығын сақтау үшін 11 шақырым аумақ қоршалды. Облыс әкімінің қолдауымен өткен жыл-



дан бері тек көлдің жағалауындағы қатынас жолдарының 10 шақырымына асфальт төселіп отыр. Мұндай жұмыс соңғы 9 жылдан бері жүргізілмеген. Көл жағалауы өткен жылмен салыстырғанда әлдеқайда жақсарып, көп өзгерістер болғаны жасырын емес. Транспорт қозғалыстары үшін жол белгілері орнатылуда. Үстіміздегі жылы көл жағалауын жарықтандыру үшін жаңадан 450-ден астам жарық бағандары орнатылды. Аумақтың 4 шақырымдай жері жарықтандырылды. Көл жағасындағы жарық тарту жұмыстары әлі де болса жалғасуда...

етілетін болады.

Осы орайда облыс әкімі бұл мәселені шешуге соңғы 35 жылда алғаш рет Үкімет қолдауымен Арнаулы мемлекеттік қордан мақсатты қаржының бөлінгенін атап өтіп, құрылысты жыл соңына дейін аяқтау міндетін қойды.

Көл жағалауында қауіпсіздік пен инфрақұрылым күшейтілді



Алакөлдегі электр тапшылығы шешілетін болды

Аймақ басшысы Алакөл жағалауындағы инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асу барысымен танысты. Бұдан бірер жыл бұран көл жағалауындағы электр жарығының тапшылығын шешу мақсатында Мақаншыдан қосымша электр желісін тарту жобасы қолға алынған болатын. Алайда жарты жолда тоқтап қалған ауқымды жоба үстіміздегі жылы толық шешімін табатын болды. Аймақ басшысы «Көктал-Алакөл» электр желісінің құрылысын көріп, бұл жоба өңірдегі электр қуаты тапшылығын шешуге толық мүмкіндік беретінін айтты. Жоба аясында жаңа қосалқы станция салынып, Көкталдан Алакөлге дейін құны 7,9 млрд. теңге болатын нысанның құрылысы бүгінгі күннің өзінде қарқынды жүргізіліп жатыр. Ұзындығы 72,3 шақырым болатын жоғары кернеулі электр желісі алдағы уақытта іске қосылғаннан кейін электр қуатының көлемі артып, туристік аймақ толық тоқ күшімен қамтамасыз

Туристерге жасалатын қолайлы жағдайлардың ең бастысы – демалушылардың қауіпсіздігін сақтау. Аймақ басшысы Берік Уәлиұлы бұл күнгі сапарында ең бірінші көл жағалауындағы полиция пунктін жұмысымен танысты. Биыл туристік аймақта жасанды интеллектпен жабдықталған 224 бейнекамера орнатылып, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті тәулік бойы бақылау жүйесі іске қосылды. Жағалауға дейін келетін транспорттардың жол қауіпсіздігін сақтауды қадағалау қатаң бақылауға алынған. Сондай-ақ жағалау мен су айдынында қауіпсіздік талаптарын ескертетін ақылды дауыс зорайтқыштар жұмыс істеп тұр. Биыл демалыс аймағындағы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету үшін 57 полиция қызметкері жұмылдырылған. Демалушыларға қолайлы жағдай жасау мақсатында 50-ден астам санитарлық-гигиеналық тораптар, 35 душ кабиналары, 110 киім ауыстыру орындары мен 100 қоқыс контейнерлері және қоқыс жинауға арналған контейнерлер жаңадан қойылды.

Қауіпсіздік шаралары аясында жағалауға 5 шақырымдық буйкалар қойылып, 10 құтқару мұнарасы, 2 пирс, 2 медициналық және 6 ақпараттық пункт орналастырылды. Экологиялық жағдайды жақсарту үшін тұрмыстық қалдықтар полигоны елді мекеннен тыс жерге көшіріліп, ескі полигон толық рекультивацияланды. Қоқыс шығару және сұйық қалдықтарды тасымалдау жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде.

ның ресми ашылуына арналған «Алакөл алаулары – 2026» фестивалі өтті. Ауқымды шараға облыс әкімі Берік Уәли қатысып, тұрғындар мен демалушыларды туристік маусымның ашылуымен құттықтады.

Аймақ басшысы Алакөлдің табиғи ерекшелігі мен тарихи маңызына тоқталып, шетелдік туристердің де қызығушылығын арттырып отырғанын атап өтті. «Сонау есте жоқ ескі замандар-



Маусым «Алакөл алаулары – 2026» фестивалімен ашылды

Бұдан бұрын жарнама арқылы хабарланғандай Алакөл жағалауында биылғы туристік маусым-

дан сұлулықтың символы, даламыздың ең бір есте қалар көркем нүктесі ретінде ғалымдар мен саяхатшылардың, жиһангездердің жазбаларында тұтас Азия мен Еуропаға аты кеткен даңқты мекен Алакөл. Бүгінде Алакөл еліміздің түкпір-түкпірінен ғана емес, көршілес мемлекеттер мен алыс шетелдерден туристер



ағылып келетін ұйық мекен, жаныныштығын сыйлайтын қайырлы қонысқа айналды. «Алакөл алаулары» фестивалі биыл алғаш рет өткізіліп отыр. Бүгінгі шараға Қазақстанның Халық өртісі Секен Тұрысбек бастаған еліміздің маңдайалды өнерпаздары, бүгінгі жас толқынның дарынды дауылпаздары арнайы келді. Баршаңызды еліміздің інжу-маржаны, ауасы бал, суы ем қасиетті Алакөлдегі биылғы жазғы демалу маусымы басталуымен шын жүректен құттықтаймын», – деді Берік Уәли.

Алдағы уақытта аймақ басшысының айтуына қарағанда осындай концерттік бағдарламалар тағмыз айының соңына дейін жалғасып, аптасына екі рет ұсынылып отыратынын айтты. Өңірдің қала, аудандардың өнерпаздары,

«Абай елі – өнер кеніші» облыстық байқауына қатысқан әнші, биші, күйшілер келіп, демалушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлайтын болады.

Фестиваль аясында Қазақстанның Халық өртісі, күйші-композитор Секен Тұрысбек, дәстүрлі ән өнерінің өкілі Дінісламбек Жайлаубай, сондай-ақ қазақ эстрадасының танымал жұлдыздары Дана Кентай, Еркеш Хасен, Қанай және Зарина Омаровалар өнер көрсетті. Өнерпаздардың әсем әндері мен күмбірлеген күйлері Алакөл жағалауына жиналған көрермендерге ерекше әсер сыйлап, мерекелік кештің сәнін кіргізді. Думанды шара мерекелік оташумен аяқталды.

Өз тілшіміз

АУЫЛ ТЫНЫСЫ

Қаратал ауылында жаңа өрт сөндіру бекеті ашылды

Ел бойынша жүргізіліп жатқан «Ауыл құтқарушылары» жобасы аясында осындай нысандар шалғай елді мекендерде төтенше жағдайларға жедел ден қою уақытын айтарлықтай қысқартады. Сондай бекеттің бірі аудан орталығының іргесіндегі Қаратал ауылында ашылды. Бекет заманауи өрт сөндіру техникасымен, байланыс құралдарымен және арнайы киімдермен толықтай жабдықталған.

Маусым айының ортасында Қаратал ауылында жаңа өрт сөндіру бекеті өз жұмысын бастады. Бұл – үш елді мекенде тұратын мыңға жуық тұрғын үшін маңызды оқиға. Енді өрт және басқа да төтенше жағдайлар кезінде көмек бұрынғыдан әлдеқайда жылдам жететін болады. Бекеттің салтанатты ашылу рәсіміне Абай облысы Төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары, подполковник Жамбыл Убайдуллаұлы, Мақаншы ауданы әкімінің орынбасары Рахат Әбдірахманов, аудандық қоғамдық Кеңестің төрағасы Мирлан Сағымбеков, Мақаншы аудандық № 18 өрт сөндіру бөлімінің жеке құрамы және ауыл тұрғындары мен еңбек ардагерлері қатысты.

Облыс аумағында мұндай бекеттерді ашу ауыл тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды басымдықтардың бірі. Әсіресе, өрт сөндіру бөлімдерінен шалғай орналасқан ауылдар үшін бұл аса қажет.

Жаңа бекет – ең алдымен адамдардың қауіпсіздігі, – деді алғашқылардың бірі болып сөз алған Жамбыл Убайдуллаұлы. Оның айтуынша, бұл биыл Мақаншы ауданы бойынша ауылдық жерлерде ашылған осындай екінші нысан. Алдағы уақытта да өрт сөндірушілердің жұмыс жағдайын жақсарту бағытындағы жұмыстар жалғасады.

Қаратал ауылындағы өрт сөндіру бекеті «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы аясында ашылды. Мұндай нысандар әрбір ауылда болуы тиіс. Бұл жай ғана жаңа ғимарат емес. Бұл – тұрғындардың қауіпсіздігінің көпірі, төтенше жағдайларға жедел әрекет етудің және елді мекендерді қорғаудың маңызды құралы, – деді аудан әкімінің орынбасары Рахат Әбдірахманов.

Жаңа өрт сөндіру бекеті заманауи талаптарға сәйкес қажетті байланыс құралдарымен, арнайы жабдықтармен және қызметтік киім-кешекпен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар тиімді жұмыс істеуі үшін жаңа трактор, өрт сөндіру автомашинасы берілген. Қызметкерлердің жайлы еңбек етуіне барлық жағдай жасалған. Мұнда демалыс және ас ішу бөлмесі, душ бөлмесі, әкімшілік кабинеттер және техникаға арналған гараж қарастырылған.

Салтанатты шара соңында Абай облысы Төтенше жағдайлар департаменті бастығының міндетін атқарушы Д.Алимкиннің атынан Азаматтық қорғау жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін Қаратал ауылдық округінің әкімі Қ.Ноғаев және бірнеше ауыл тұрғындары мен № 18 өрт сөндіру бөлімінің құтқарушы жауынгерлері марапатталды.

Жалпы, алдағы уақытта ауылдық жерлердегі өрт қауіпсіздігі инфрақұрылымын дамыту жұмыстары қарқынды жалғасып, «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы аясында тағы бірнеше өрт сөндіру бекетін салу жоспарлануда.

Өз тілшіміз

ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ

Домбыра - тарих, домбыра - гастан

Мемлекет басшысының бастамасымен аз уақыт аралығында ұлттық мейрамға айналып үлгерген Домбыра тойы еліміздің түкпір-түкпірінде күй болып төгіліп, ән болып әуелеп, түрлі форматта тойланып жатыр. Қазақтың қара домбырасы – ғасырлар қойнауынан ұлт болмысын, бабалар аманатын арқалай жеткен ұлы мұра. Тоғыз перне, қос ішектен күмбірлей төгілген қоңыр үн – қазақтың жаны, ғасырлардан жеткен жүрек сыры, халық қазынасы. Бабадан балаға жалғанған жады, бүгінгі ұрпақтың бойтұмары. Оның жан-жақты насихатталуы, ұрпақтан-ұрпаққа дәріптелуі де заңды.



Ұлттық домбыра күнінің белгіленуін біз, әрине, үлкен қуанышпен қабылдадық. Домбыра - жай аспап емес, бабалар аманаты, қасиетті аспап. Домбыраны ұлықтау ұлт болмысындағы ізгілік атаулыны ұлықтау деп білемін, сондықтан бұл мереке арқылы біздің ұтатынымыз көп болмақ.

Мен өз басым өнер адамы болып, сахнаның неше түрін көрдім. Әрине, ән де шырқадым, жыршылық өнерге де бет бұрдым. Дегенмен термеге деген ықыласым бөлектеу болды. Терме - адамгершілік пен имандылық тәрбиенің көзі. Терме - бабалар даналығынан құралған ұшы-қиырсыз мұхит тәрізді ғажап әлем, ал өзіңді сол әлемнің бір бөлшегі ретін-

де сезіну - үлкен бақыт. Терме деген тәлім ғой. Кейінгі кезде терме тыңдайтындар азайып кетті. Тыңдай білген адамға терме – қазақтың бала тәрбиесіндегі тамаша бір құралы саналатын. Термедегі түйдек-түйдек ойлар, тыйым мен ережелер ұлтымыздың болмыс-бітімін, табиғи жаратылысын насихаттайды.

Бірде ұлы күйші, марқұм Қаршыға Ахмедияров: «Белгілі шеберлер жасаған скрипкалар мыңдаған, тіпті миллиондаған долларға сатылады. Біздің домбырамыз қашан сондай дәрежеге жетер екен?» - деген болатын. Домбыраның мәртебесі - біздің ұлттық өнеріміздің мәртебесі, ұлтымыздың мерейі, сондықтан ол қашанда биіктей берсе екен деп тілейміз.

Әрине, қазіргі жоғарғы технологияның, интернеттің заманында балалар мен жастардың домбыраға деген қызығушылығы біздің бала кезімізден гөрі бәсеңдегендей көрінеді. Бір жақсысы, бұл олқылықты түзеуге, жас ұрпақты ұлттық өнерге баулуға ұмтылатын ата-аналар көп, музыка мектептеріне, домбыра үйірмелеріне баратын балалардың саны жылдан-жылға көбейіп келе жатқаны қуантады. Ұлттық домбыра күнінің белгіленуі жастарымыздың ұлттық өнерге деген ықыласын, домбыраға деген қызығушылығының артуына да игі әсер етеді деп ойлаймын.

Сайлау Уәлиев,
дәстүрлі әнші, термеші

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

Тәртіп бар жерде еңбек өнімді болмақ

Мақаншы аудандық полиция бөлімінде Абай облысы ПД Экстремизмге қарсы күрес басқармасының бастығы, полиция подполковнигі Мұрат Ажықановтың төрағалығымен маңызды отырыс өтті. Жиын өңір үшін стратегиялық маңызы бар «Аягөз-Бақты» теміржол құрылысын іске асыру барысындағы заңдылық пен қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге арналды.

 Дархан АНАРБЕКҰЛЫ



Алқалы жиынға аудан әкімінің орынбасары, ішкі саясат және әлеуметтік қорғау бөлімдерінің, Мансап орталығының басшылары, ҰҚК өкілдері, сондай-ақ жобаны жүзеге асырушы шетелдік инвестор компанияның өкілдері қатысты. Отырыстың күн тәртібіндегі басты мәселелері – құрылыс барысында ұлтаралық араздыққа жол бермеу, халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу және жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамту. Ауқымды құрылыс жобасы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына оң ықпалын тигізуде. Шетелдік компания өкілінің мәліметінше, қазіргі уақытта оның қарамағында 47 шетел азаматы және 83 жергілікті (қазақстандық) азамат қызмет атқаруда. Отырыс барысында жұмысшылардың әлеуметтік жағдайына ерекше назар аударылды. Тиісті органдар мен инвесторларға келесідей нақты тапсырмалар жүктелді: Жұмысшылардың жатын орны мен тамақтану жағдайын қатаң әрі тұрақты бақылауда ұстау; Құрылыс басына тартылған мамандарды заман талабына сай құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз ету; Аудан тұрғындарын жұмысқа орналастыру барысы туралы халыққа уақытылы ақпарат беріп отыру.



Полиция подполковнигі Мұрат Ажықанов кез келген ірі жобаның сәтті жүзеге асуы ең алдымен заңдылық пен тәртіпке байланысты екенін қадап айтты. Осы орайда, шетелдік жұмыс күшін тарту кезінде көші-қон заңнамасының талаптарын мүлтіксіз сақтау қатаң тапсырылды. Сонымен қатар құрылысқа жұмылдырылған барлық автокөліктер мен арнайы техникалардың заңға сәйкес рәсімделуі басты назарда болатыны ескертілді.

Құзырлы орган өкілдері теміржол құрылысы барысында жергілікті халық пен шетелдік жұмысшылар арасында ешқандай түсініспеушілік пен ұлтаралық қақтығыстардың болмауын алдын алуды басты мақсат етіп қойды. Бұл бағытта аудандық ішкі саясат бөлімі мен құқық қорғау органдары бірлесіп, халыққа түсіндіру жұмыстарын тұрақты түрде жүргізетін болады.

Қорытындылай келе, «Аягөз-Бақты» теміржолы – тек еліміздің транзиттік әлеуетін арттырып қоймай, Мақаншы ауданының халқы үшін жаңа жұмыс орындарын ашатын үлкен мүмкіндік. Ал құрылыс барысындағы заңдылықты сақтау, тұрғындар мен жұмысшылар арасындағы татулықты қамтамасыз ету – барлық мекемелердің ортақ жауапкершілігі.

ЖАСТАР САЯСАТЫ

«Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты – болашақтың шешімі

18 маусым күні ауданымыздың мәдениет үйінің кіші залында жастарды қолдауға бағытталған маңызды басқосу өтті. Абай облысы жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма басшысы Олжас Түсіпбекұлының бастамасымен ұйымдастырылған жиында жастар саясатының негізгі бағыттары мен мемлекеттік қолдау шаралары кеңінен талқыланды.



Шара аясында жастарға психологиялық қолдау көрсету және бала құқықтарын қорғау тақырыптарында арнайы семинар-тренинг өтті. Маңызды кездесуге аудандық ішкі саясат бөлімі басшысының м.а. Т.Берікболова мен «Жастар» ресурстық орталығының директоры Ақбота Сәменова қатысып, жастар мәселелері төңірегінде ой бөлісті.

Кездесудің басты жаңалығы – жақын арада іске асырылатын «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантының ресми түрде басталғаны туралы хабарландыру. Абай облысының жастарына арналған бұл байқауға 14 пен 35 жас (34 жасты қоса алғанда) аралығындағы азаматтар қатыса алады. Грант конкурстық негізде келесі: Ғылым, Ауыл шаруашылығы, Ақпараттық технологиялар, Бизнес, Креативті индустрия, Экология, Волонтерлік сияқты 7 бағыт бойынша жобаларды іске асыру үшін беріледі.

Өтінімдер қабылдау тәртібі: Үміткерлер құжаттарын 2026 жылғы 19 маусым – 18 шілде аралығында (18 шілде сағат 24.00-ге дейін) электронды түрде ivmp@akimatabai.gov.kz электронды поштасына жолдауы тиіс. Конкурсқа қатысу шарттары мен қажетті құжаттар тізімі басқарманың ресми парақшаларында қолжетімді. Бұл грант аудан жастарының жаңа бастамаларын жүзеге асырып, қоғам дамуына үлес қосуына таптырмас мүмкіндік болып табылады. Анықтама үшін 8 705 639 50 48, 8 775 479 17 13 байланыс телефондарына хабарласуға болады.

Өз тілшіміз

АДАЛДЫҚ АЛАҢЫ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – қоғам дамуының кепілі

Сыбайлас жемқорлық – кез келген мемлекеттің дамуына кедергі келтіретін, қоғамның әділдігі мен сеніміне нұқсан келтіретін жағымсыз құбылыс. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бүгінгі күннің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл азаматтардың заңға құрметпен қарауы, адалдық пен әділдік қағидаларын ұстануы, жемқорлық әрекеттеріне төзбеушілік танытуы. Мұндай мәдениет отбасыдан басталып, мектепте, жоғары оқу орындарында және еңбек ұжымдарында жалғасады. Жас ұрпақтың бойына адалдық, жауапкершілік, парасаттылық қасиеттерін сіңіру арқылы жемқорлыққа қарсы көзқарас қалыптасады. Әрбір азамат өз құқықтары мен міндеттерін біліп, заң талаптарын сақтаған жағдайда ғана қоғамда әділдік пен тәртіп орнығады. Сыбайлас жемқорлықпен күрес тек мемлекеттік органдардың міндеті емес. Бұл – бүкіл қоғамның ортақ ісі. Әр адам жемқорлыққа қарсы ұстанымын білдіріп, заңсыз әрекеттерге жол бермеуге атсалысуы қажет.

Қорытындылай келе, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – еліміздің тұрақты дамуы мен жарқын болашағының



негізі. Адалдық пен әділдікті басты құндылық ретінде ұстанған қоғам ғана табысқа жете алады.

Қабыл Қасенов,
Көктерек ауылдық округінің әкімі

ТУҒАН ЖЕРГЕ ТАҒЫМ

Тарихын ұмытпаған ел ұзақ жасайды

Аудан орталығынан шалғайда, айдынды Алакөлдің жағасына таяу орналасқан Көктал ауылының халқы аз, аумағы шағын болғанымен, өткенінде үлкен сыр бар, ғасырлар бойы ауыздан-ауызға айтылып, құлақтан-құлаққа жеткен терең тарихы бар шежірелі өлке екенін біреу білсе, біреу білмес. Арысын айтпағанның өзінде кешегі ХХ ғасырдың тарих бетінде қалдырған нәубеттері көкталдықтарды да айналып өткен жоқ. Ашаршылық, саяси қуғын-сүргін, ел басына күн туған соғыс жылдары бүгінгі ауыл тұрғындары үшін қайғы мен қасіретті еске түсіретін қаралы күн болды.

Көктал елі шөліккегеннің шөлін басып, адасқан елді үйірге қосты. Басқа түскен қасіретке мойымады, жасымады, есесіне шыңдала түсті. Ел болып қатарға қосылды. Бүгінде өркені өскен осы жұрттың бүгінгі ұрпақтары өткен жылдардың жылнамасын тасқа басқан таңбадай қылып ендігі жерде ел жадында қалдырмақшы.

Руханият пен материалдық құндылықтар бақталас заманда ұлттық мүдде туралы бастама көтеру оңай болғанымен оны іске асыру қиын екенін жасыра алмаймыз. Дегенмен, бұл тайталас өзін туып өскен еліңнің елдік санасын жаңғыртумен тарихи тұлғаларды ұлықтауға келгенде бөсеңдейтіні анық. Өйткені, «ат ауыздығымен су ішіп, ер етігімен су кешкен» қиын-қыстау уақытта еліміздің кез келген өңірінде ел мен жерді қорғаған тарихи тұлғалар жетерлік. Олардың көзсіз батырлығы ел егемендігін сақтап қалу жолында үлкен негіз болғанын ешкім жоққа шығара алмайды. Сондай тұлғалардың бірегейлері – Абай облысының Мақаншы ауданы, Көктал ауылында шоғырланған Байыс Байғана руынан шыққан аталас Шөкіман және Шөрек батырлар.

Шөкіман және Шөрек батырлар сонау «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» секілді небір қилы нәубетке толы зобалаң кезеңдерде Қаракерей Қабанбай батырмен дүбірлі жорықтарда егеулі найза қолға алып, ұзақ жылдық қанды қырғында жан аямай жаужүректік көрсеткен тарихи тұлғалар. Жоңғар-қалмақ шапқыншылығында асқан ерлігімен айшықталған қос батыр туралы тарихи деректерде, фольклорлық аңыздарда, Бұқар жырау толғауында, «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясында, Кәрібай және Есбол ақындардың жырлары мен «Қара Еміл қырғыны» қисса-дастанында, Қ.Жұмаділовтің «Дарабоз» романында, Ө.Сәдуақасовтың «Тарихыңды таңдап біл» атты кітабында, этнограф-ғалым Зейнолла Сәніктің қытай деректері негізінде жазған Қаракерей Қабанбай туралы сүбелі еңбектерінде кеңінен көрініс тапқан. Еңбек ардагері, «Ленин» орденінің иегері,

Қаз КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты Қ.Қажығұловтың, өмірде көргені мен тоқығаны мол көнекөз абыз ақсақал Ж.Жақанбаев пен ақ самайлы К.Базарованың тарихи шежірелерінде де толықтай қамтылған.

Сол Шөкіман және Шөрек аруағына бағышталған сауабы мол игі іс-шара Көктал тумаларының қай-қайсысының көкейінде түйіндеген, бірақ қоғамдық немесе пендешілік жағдайларға байланысты түйіні мен күрмеуі шешілмей, іске асырылмай жүрген аманат еді. Сондықтан биыл сәті түсіп осы тарихи тұлғаларды ұрпақ жадында жаңғырту мақсатында Көктал ауылының тумалары тағылымды іс-шараларды қолға алды. Көкталдықтардың арғы-бергі тарихын тасқа басып, мәңгі есте қалдыру үшін ауыл ішінен үлкен саябақ ашып, жақында тұсауын кесуді жоспарлап отыр. Жыл басынан бері басталған іске барша Көктал ауылның бүгінгі үлкен-кішісі бел шеше кірісіп, еліміз бен алыс-жақын шетелдерде өмір сүріп жүрген барлық жерлестеріміз «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып» кіріскен болатын.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, мұндай бірлескен сауапты істер бұл ауылда бұған дейін де жүзеге асқандықтан аса таңсық емес деуге болады. Өйткені, ауыл азаматтарының бастамасымен біраз жыл бұрын бірлігі жарасқан Көктал ауылында Қатынсу өзенінің екі жағалауын қосатын «Аспалы көпір», еңселі мешіт, ас өткізетін қатымхана, той-томалаққа арналған мейрамхана салынып, сол уақытта көкталдықтардың ынтымағын елге айдай жарқырата көрсеткен еді. Көктал ауылында тұңғыш рет ашылған бастауыш мектебінің 100 жылдық мерейтойын да жұмыла ұйымдастырған ауыл азаматтары еді. Еңбегі еленгендер де бар. Мәселен, «Аспалы көпірді» жобалап, құрылысына жетекшілік еткен ауыл азаматы Рақышев Ахат «Қазақстанның 100 жаңа есімі» атты жобасына еніп, жеңімпаздардың қатарына ілікті.

Саябақ салу жобасына да ауыл азаматтары үлкен дайындықпен келді дей аламын. Ауыл әкімшілі-

гінің қолдауымен алдын ала саябаққа ыңғайлы әрі қолайлы жер таңдау, оны заңдастыру, сызба үлгісін жасау, құрылыстың қаржылық-құжаттық жобасын жасау сәтімен аяқталды. Одан әрі жұмыс басталып, демалыс орнының төріне мәрмәр тасқа қашалып Шөкіман және Шөрек батырлардың ерліктері жазылған ескерткіш тақта орнатылды. Ауыл халқының ұйғарымымен Шөкіман және Шөрек батырлар саябағына олардың ұрпақтарынан шыққан, екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан жауынгер-майдангерлер, ел ортасында жүріп жеңістің жақындауына үлес қосқан тыл еңбеккерлері, ХХ ғасырдың басынан бастап Көкталда туып-өскен, әртүрлі қоғамдық формация кезеңінде еңбек еткен, қоныстану мен Көкталдың дамуына өз үлестерін қосқан еңбек ардагерлерінің есімдері мәрмәр тасқа қашалып жазылды. Айта кетейік, бұл мағлұматтар Көктал ауылының көнекөз қариялары мен бақилық болған марқұмдардың ұрпақтары және арнаулы құрылған сараптау комиссия мүшелерінің зерделеуінен екшеленіп шыққан нақты үлкен бір тарихи шежіре болды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Таза Қазақстан» акциясы аясында саябаққа жүз шақырым жердегі Тарбағатай тауының бөктерінен арнайы әкелінген ағаштардың анасы саналатын және ерекше күтімді қажет ететін шырша мен әртүрлі жеміс ағаштары отырғызылды. Шөлдеуіт, ыстық-суығы қатаң Көктал ауылына 500-600 жылға дейін өмір сүретін «Денсаулық ағашы» шырша ағашының бірінші рет отырғызылуы ерекше оқиға дей аламыз. Сондай-ақ көкмайса жасылданған саябақта тас төселген жаяу жүргіншілер жолдары, мәдени шараларға арналған сахна, шатырлар, жазда теннис, қыста мұз айдыны болатын арнайы алаң, дене шынықтыру мен балалар алаңдары үйлесімді орындарын тауып орналасқан.

Әрине, атқарылған жұмыстың басы-қасында жүрген жанашыр адамның болуы міндетті. Мұндайда осыдан 2 жыл бұрын әкім болып сайланған Бауыржан Қаңтарбаевтың да еңбегін ешкім жоққа шығара алмас. Ауыл азаматтарының басын қосып, Көктал ауылына саябақты салуға тікелей пікір білдірген, ұйымдастыруға ұйытқы, бұйдагер, алымы мен тегеурінді іске тәуекелі бар, көзі қарақты осы азамат та ауыл тұрғындарымен бірге өлшеусіз үлес қосты. Елден сұрағаны



тек ақыл, кеңес. Телегей теңіз еңбегі және бет беделі үшін әкім мырзаға мерейленген Көктал халқына енді ол төрге шықса – төбедей, төбеге шықса – төредей азамат болды.

Ел жұрттың көкірегін кернеген сауапты да жауапты жұмысты іске асыру жайдан-жай шаруа емес. Бұл – бойға рух, елге айбат беретін шаруаны ұйымдастырған кезде басында бас-көз болып жүрген ел ағалары мен тілектес ақ жаулықты апа-әжелерге, қолдау көрсеткен елдің атпал азаматтары мен ауылда туып-өскен ниеттес жастардың ерен еңбегінің нәтижесінде іске асқан тағылымды шаруа болды. Болашақта Шөкіман және Шөрек батыр ескерткіштері қойылған киелі саябаққа ел азаматтары мен ауылға келген қонақтар келіп, фәни дүниеден өткен ата-бабаларымыздың аруағына зиярат, рухына тағзым ететін, әртүрлі мәдени іс-шара өткізетін, елді ұрпағымен рухани байланыстыратын күре тамыр, Көкталдың кіші Мекке Мединасы сияқты қастерлі орын болады.

Жуырда тұсауы кесіліп, ұлтымыздың өткенінен сыр шертетін Шөкіман және Шөрек батырлардың ерліктерін, Көктал халқының рухы мен мәртебесін асқақтата түсетін тарихи-мәдени мұра – біз үшін аса құнды қазына. Бұл тарихи құндылық Көктал халқымен бірге жасай береміз деген сенімдеміз.

Қапан Тұрсынов,
балалар хирургі, профессор,
Көктал ауылының тумасы
Алматы қаласы

РУХАНИЯТ

Тіл мен әдебиет — ұлт болмысының тірегі

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі ретінде сабақты қызықты өткізу оқушылардың тілге деген сүйіспеншілігін арттырудың ең тиімді жолы. Осы орайда сабақты жандандыруға болатын нақты, тәжірибеде қолдануға болатын әдіс-тәсілдерді пайдалануға тырысамын.

Мәселен, ойын элементтерін қолдану, қазіргі заманауи цифрлық құралдарды пайдалану. Ал мұны тиімді етіп сабақта қолдану мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Оқушылардың өз ойын жеткізумен шектеліп қана қоймай, өзара тіл табысып, пікір алмасуға үйрету, өз жұмысына, топтағы немесе жұптасқан оқушының жұмысына, жауабына сыни тұрғыдан ойлап, талдау жасай алу, ойын қорытындылай білу және интерактивті жұмыс жүргізгені тиімді. Жаңартылған білім берудің маңы-

зы оқушы тұлғасының үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып сыни тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ-ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс істей білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді қолдануы керек.

Қазақтың ағартушы ақыны, ғалым, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері, Алаш арысы Ах-

мет Байтұрсынұлының: «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деп айтып кеткеніндей, тіл-халықтың жаны, ұлтымыздың құжаты. Тіл құрыса, халық та жойылады.

Тіл байлығы – әрбір елдің ұлттық атадан балаға мирас мақтанышы. Ол баға жетпес мұра. Тіл өлсе, ұлттың да өмір сүруі мүмкін емес. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің көздейтін негізгі мақсаты – оқушыларды қазақша сөйлеуге, өз ойын толық жеткізе алатын, терең жазғанын түсіне алатын дәрежеге жеткізу.

XXI ғасыр табалдырығын еркін аттаған азат ұрпаққа тәлім-тәрбие және білім беруді жетілдірудің басым бағыттарын айқындау – педагогика тәжірибесінің көкей-

тесті мәселелерінің бірі болып отырғаны анық. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің басты мақсаты - оқушыларды қазақша сауатты сөйлеуге, өз ойын еркін жеткізуге, тыңдаған мен оқығанды түсіне білуге үйрету.

XXI ғасырдың еркін ойлы ұрпағын тәрбиелеу – қазіргі педагогика тәжірибесінің өзекті міндеті. Ал тіл мен әдебиетті сую ұлтты қадірлеу екені сөзсіз.

Роза Омарғазина,
Сейфуллин атындағы
орта мектептің
мұғалімі

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

Заманауи мемлекеттік қызметтің талаптары мен мүмкіндіктері

Мемлекеттік қызмет – еліміздің тұрақты дамуы мен өркендеуіне негіз болатын маңызды сала. Қазіргі кезеңде мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру, оның тиімділігі мен ашықтығын арттыру – кез келген мемлекеттің стратегиялық міндеттерінің бірі болып табылады. Мемлекеттік қызметшінің кәсібилігі, адалдығы мен жауапкершілігі қоғамның мемлекеттік институттарға деген сенімінің басты кепілі болып табылады. Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызмет жүйесін дамыту бағытында ауқымды реформалар кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Бүгінде мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыру, ашықтықты қамтамасыз ету, меритократия қағидаттарын нығайту, азаматтарға бағдарланған мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастыру – мемлекеттік қызмет саласындағы кадрлық саясаттың басым бағыттары.

Осы тұрғыда мемлекеттік қызмет саласын реттейтін құқықтық базаны жаңарту ерекше маңызға ие. Мемлекет басшысы ағымдағы жылдың 19 мамыр күні қол қойған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» жаңа заң осы бағыттағы реформалардың заңнамалық негізін нығайтып, мемлекеттік аппараттың сапалы дамуына оң серпінін бермек. Заңда қарастырылған өзгерістер Қазақстан Республикасының Конституциясында айқындалған демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет қағидаттарына, сондай-ақ кәсібилік, заңдылық, ашықтық, халыққа қызмет ету және меритократия принциптеріне негізделген.

Жаңа заңның басты ерекшеліктерінің бірі – мемлекеттік қызмет жүйесін заманауи талаптарға бейімдеу. Бұл ретте меритократия қағидатын күшейту, яғни мемлекеттік қызметке қабылдау мен қызметтік өсу ба-рысында кәсіби біліктілік пен еңбек нәтижесін басты өлшем ретінде қарастыру көзделеді. Бұл ретте, басшылық емес төменгі лауазымдарды лауазымдық деңгейлерге бөлу арқылы, қызметшінің еңбек өтілін, кәсіби жетістіктері мен тәртібін, сондай-ақ халықтың пікірін ескере отырып, бір лауазым ішінде горизонтал-

ды мансаптық өсуге және тиісінше лауазымдық еңбек ақысын ұлғайтуға мүмкіндік беріледі.

Бұдан бөлек, мемлекеттік қызметке дарынды және талантты жастарды тарту бағытында да оң өзгерістер күтілуде. Мысалы, жоғары оқу орындарын GPA көрсеткіштері 3,33 және одан жоғары үлгеріммен үздік аяқтаған түлектер үшін басшылық емес мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға конкурстан тыс орналасу мүмкіндігі берілді. Бұдан бөлек, болашақта кәсіби өмірін мемлекеттік қызметке арнаймын деген мектеп түлектері үшін де арнаулы мемлекеттік тапсырыс әзірлеу арқылы талапты жастарды мемлекет есебінен оқытып, артынша мемлекеттік қызметке конкурссыз қабылдану мүмкіндігі берілмек. Бүгінгі таңда, мемлекеттік қызметке ерте кәсіптік бағдарлау тетіктері заңмен бекітіліп мектеп жастарының бойында мемлекеттік қызмет туралы түсініктерді қалыптастыру мақсатында әр оқу жылы өткізілетін кең ауқымды түрлі шаралар кешені одан әрі күшейтілмек. Бұл бағыттағы жұмыстардың нәтижесі ретінде жақын болашақта мемлекеттік қызметтің кадрлық құрамын ха-



лықтың сұранысына толықтай сай келетін кәсіби біліктілігі мен тұлғалық құзіреттері барынша жоғары деңгейде дамыған мектепжасынан бастап анықталған дарындардың қатарынан жасақтау көзделген.

Өз кезегінде, заңда мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін арттыру және әдеп нормаларын сақтау тетіктері күшейтілген. Бұл мемлекеттік аппараттағы тәртіп пен сенімділікті нығайтуға ықпал етеді. Цифрландыру үдерістерін енгізу де маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Цифрлық жүйелердің қолданылу аясын қадам-қадаммен кеңейту арқылы бюрократиялық кедергілерді азайтып азаматтарға қолайлы жағдай жасалуда.

Аталған заңның қабылдануы азаматтар үшін мемлекеттік қызметтерге қолжетімділікті арттырып, олардың сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Мемлекеттік органдардың жұмысы ашық әрі нәтижелі бола түсіп, халық пен билік ара-

сындағы өзара сенім деңгейі артады. Сонымен қатар мемлекеттік аппараттың кәсібилігі артып, басқарушылық шешімдердің сапасы жақсармақ. Бұл өз кезегінде елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсер етеді.

Қорытындылай келе, ағымдағы жылдың 1 шілдесінде қолданысқа енгізілетін «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» жаңа заңы мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртудың маңызды құралы болып табылады. Ол мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттырып қана қоймай, заманауи, ашық және жауапты басқару моделін қалыптастыруға негіз болады.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Абай облысы бойынша департаменті

ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА!

Абай облысында Қазақстан Тұрғын үй компаниясының кепілдігімен алғашқы тұрғын үй кешені пайда болды

ҚТК кепілдігі бар алғашқы жобаның пайда болуы өңірде үлестік тұрғын үй құрылысының заңды нарығын қалыптастырудың басталғанын білдіреді. Қазақстан Тұрғын үй компаниясының 2025 жылға арналған зерттеу деректеріне сәйкес, Абай облысындағы үлестік құрылыс нарығы толықтай «көлеңкеде» болған.



Абай облысында алғаш рет Қазақстан Тұрғын үй компаниясы (тұрғын үй құрылысының Бірыңғай операторы, «Бәйтерек» ҰИХ) АҚ-ның еншілес ұйымы – ҚТК) тұрғын үй кешенінің құрылысын аяқтауға кепілдік берді. Кепілдік Семей қаласындағы «Jagalau» тұрғын үй кешеніне тиесілі. «Jagalau» тұрғын үй кешені Абай облысы, Семей қа-

ласы, Иртышская көшесі 3/1 мекенжайында орналасқан. Жоба 66 пәтерден тұратын 12 қабатты тұрғын үй блогының құрылысын салуды көздейді. Жобаның құрылыс салушысы - «СИТЕКО» ЖШС, уәкілетті компания - «УК Ситесо» ЖШС.

ҚТК кепілдігі «Jagalau» тұрғын үй кешенінің үлескерлерінің қара-

жатын 100 пайыз қорғауды қамтамасыз етеді. Егер құрылыс салушы қандай да бір себептермен құрылысты белгіленген мерзімде аяқтай алмаса, ҚТК Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» Заңына сәйкес үлескерлер алдындағы объектіні аяқтау міндеттемелерін өз мойнына алады.

Семей қаласында ҚТК кепілдігі бар алғашқы жобаның пайда болуы - бүкіл Абай облысы үшін маңызды оқиға. Бұл азаматтардың қаражатын ҚТК кепілдігі арқылы қорғауды қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар нарыққа үлескерлердің қаражатын ашық және қолданыстағы заңнама талаптарына толық сәйкес тартуға болатыны жөнінде маңызды белгі болып табылады, - деп атап өтті ҚТК-ның Заңды тұлғалармен жұмыс жөніндегі департамент директоры Әйгерім Құрманбаева.

ҚТК үлестік тұрғын үй құрылысы нарығының ашықтығын арттыру бағытындағы жұмысын жалғастыруда. Құрылыс салушылардың үлескерлердің қаражатын заңнама аясында көбірек тарту үшін ҚТК ынталандыру шараларын енгізуде. Атап айтқанда, өңірде ҚТК-дан алғаш рет кепілдік алатын құрылыс салушылар үшін нөлдік кепілдік жарнасы қарастырылған. Бұл шара Семей қаласында алғашқы кепілдікті беру кезінде де қолданылды.

ҚТК - үлестік тұрғын үй құрылысы нарығына терең талдау жүргізуді бастап, деректерді жыл сайын жаңартып отыратын алғашқы институт. 2025 жылғы зерттеу барысында елдің 19 ірі қаласы мен көпқабатты және аз қабатты тұрғын үйлерді қоса алғанда, салынып жатқан 606 объект қамтылды. 2025 жылғы талдау нәтижелері бойынша Қазақстандағы үлестік тұрғын үй құрылысының «көлеңкелі» нарығының үлесі 62,5 пайызды құрады. 606 салынып жатқан объектінің тек 227-сі ғана ҚТК кепілдігіне немесе үлескерлердің қаражатын тартуға әкімдіктің рұқсатына ие болған. Сонымен қатар Қазақстандағы үлестік тұрғын үй құрылысының заңды нарығының үлесі 2024 жылғы 30,4 пайыздан 2025 жылы 37,5 пайызға дейін өсті.

ҚТК еске салады: салынып жатқан тұрғын үйден пәтер сатып алмас бұрын, үлескерлердің қаражатын тартудың заңдылығына көз жеткізу қажет. ҚТК кепілдігінің немесе үлескерлердің қаражатын тартуға әкімдік рұқсатының бар-жоғын құрылыс салушының БСН немесе тұрғын үй кешенінің атауы арқылы Тұрғын үй порталы арқылы тексеруге болады.

«Қазақстан Тұрғын үй компаниясы» АҚ Баспасөз қызметі

ҚАУІПСІЗДІК

Өрт қауіпті кезең — сақтықты талап ететін уақыт

Жыл сайын көктемнің соңы мен жаздың басында өрт шығу қаупі күрт артады. Құрғақ ауа райы, шөлтің құрауы және желдің күшеюі тілсіз жадудың тез таралуына себеп болады. Сондықтан бұл кезеңде әрбір азаматтың жауапкершілігі ерекше маңызға ие. Статистика көрсеткендей, өрттердің басым бөлігі адамдардың салғырттығынан туындайды.

Табиғат аясында демалу кезінде отты дұрыс сөндірмеу, қоқысты бейберекет жағу немесе жанғыш заттарды тастап кету үлкен қауіпке әкеледі. Тіпті кішкентай ғана ұшқын үлкен апатқа айналуы мүмкін.

Өрттің алдын алу үшін қарапайым ережелерді есте ұстау жеткілікті. Орман мен далада от жақпау, темекі тұқылын тастамау, шыны қалдықтарын қалдырмау — қауіпсіздіктің басты шарттары. Сонымен қатар балаларға отпен ойнаудың қауіпті екенін түсіндіру де аса маңызды.

Төтенше жағдай орын алған кезде уақытты жоғалтпай, өрт сөндіру қызметіне хабар беру қажет. Жедел әрекет ету — адам өмірін сақтап қалудың негізгі кепілі.

Табиғат — баршамызға ортақ байлық. Оны қорғау әрқайсымыздың борышымыз. Өрт қауіпті кезеңде сақтық шараларын қатаң сақтай отырып, біз қоршаған ортаны да, өз өмірімізді де қауіптен қорғай аламыз.

Аудандық Төтенше жағдайлар басқармасы

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті» РММ «Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының қазақстандық учаскесінде және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Ахуалдық орталығында (ГДУ) орналасқан өткізу пункттерін жаңғырту және техникалық жете жарақтандыру».

Шығыс Қазақстан облысы бойынша МКД «Бақты» өткізу пункті. Түзету» 2026 жылғы 7-13 шілде аралығындағы. Осы мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды.

Жоба бойынша құжаттамамен танысуға, сондай-ақ сұрақтар қойып, ұсыныстар енгізуге болады: <https://ndbecology.gov.kz/> «Жарияланған жария талқылаулар» бөлімінде.

Жобаның тапсырыс берушісі: «ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті» РММ, Астана қ., даңғылы. Жеңіс көшесі, 11, тел.: 8 (7172) 71 84 63.

Әзірлеуші: «ECO LOGISTICS» ЖШС, 11.09.2014 жылғы № 01696 Р лицензия, мекенжайы: 140000, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Толстой көшесі, 68-159, тел. 8-775-107-21-24.

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

РГУ «Комитет государственных доходов Министерства финансов РК» уведомляет о проведении общественных слушаний по средствам публичных обсуждений по Разделу ООС к проекту «Модернизация и техническое дооснащение пунктов пропуска, расположенных на казахстанском участке таможенной границы Евразийского экономического союза и Ситуационного центра (ГДУ) Комитета государственных доходов Министерства финансов Республики Казахстан».

Пункт пропуска «Бақты» ДГД по Восточно-Казахстанской области. Корректировка» с 7 по 13 июля 2026 года. По истечении данного срока замечания и предложения не принимаются.

Ознакомиться с документацией по проекту, а так же задать вопросы и внести предложения можно на сайте: <https://ndbecology.gov.kz/> в разделе «Опубликованные публичные обсуждения».

Заказчик проекта: РГУ «Комитет государственных доходов Министерства финансов РК», г. Астана, пр. Женис 11, тел.: 8 (7172) 71 84 63.

Разработчик РООС: ТОО «ECO LOGISTICS», лицензия № 01696 Р от 11.09.2014 г., находящееся по адресу: 140000, Павлодарская область, г.Павлодар, ул.Толстого, 68-159, тел. 8-775-107-21-24.

ІЗДЕУ ЖАРИЯЛАНЫМЫ



2026 жылғы 16 маусымда Мақаншы аудандық полиция бөліміне Үржар ауданы, Үржар ауылы, Қаратаев көшесі №35 үйдің тұрғыны, 31.03.1950 жылы туған Ауман Лидия Владимировнадан арыз түсті.

Арыз бойынша, оның ұлы — Ауман Леонид Владимирович, 12.02.1995 жылы туған, Үржар ауылы, Қаратаев көшесі №35 үйдің тұрғыны, 2026 жылғы 8 маусым күні Мақаншы ауданы, Келдімұрат ауылы маңындағы ара омартасындағы жұмыс орнынан белгісіз бағытқа кетіп, осы уақытқа дейін үйіне оралмаған.

Фото: 2022 жылғы.

Іздеудегі азаматтың ерекше белгілері:

— бойы шамамен 178–180 см;

— киімдері: жасыл түсті көйлек, қара түсті шалбар, ақ-ала түсті кроссовки;

— сол жақ иығында қытай тіліндегі жазуы бар таңба (татуировка) бар;

— сол жақ қолының білегінде екі тыртық бар;

— оң жақ қолының саусағында сұр түсті неке сақинасы бар.

Ауман Леонид Владимировичтің жүрген жері туралы қандай да бір ақпарат білетін азаматтардан төмендегі телефон нөмірлеріне хабарласуды сұраймыз: 8-777-272-89-39, 8-705-969-01-04

немесе 102 нөмірі арқылы.

Көрген-білген азаматтардан көмек көрсетіп, ақпарат берулерін сұраймыз.

КӨҢІЛ АЙТУ

Мақаншы ауданының әкімі «Мақаншы айнасы» газетінің директоры-редакторы Зухра Нұржанқызына нағашы атасы

Омаров Чакарман Мұхамедкөрімұлының

дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, туған-туыстарына көңіл айтады.

Марқұмның иманы саламат, жаны жәннатта болсын.

САЙЛАУ

Мақаншы ауданының аумақтық сайлау комиссиясының Абай облысы

Мақаншы ауданы Қаратұма ауылдық округінің әкіміне кандидаттарды тіркеу

туралы хабарламасы

№ р/с	Ауылдық округ	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Жұмыс орны, лауазымы	Тұрғылықты жері	Ұсыну
1.	Қаратұма ауылдық округі	Абраимов Бейсен Токчарасвич	1967	«Қабанбай ауылдық округі әкімі аппараты» ММ, бас маман	Абай облысы, Мақаншы ауданы, Қабанбай ауылы	Өзін – өзі ұсыну
2.	Қаратұма ауылдық округі	Жұмажанұлы Жарқын	1991	«Келдімұрат ауылдық округі әкімі аппараты» ММ, бас маман	Абай облысы, Мақаншы ауданы, Келдімұрат ауылы	Өзін – өзі ұсыну
3.	Қаратұма ауылдық округі	Мустафина Сания Жумагазиновна	1973	«Мақаншы ауданы жұмыс пен қамту және әлеуметтік бағдар ламалар бөлімі» ММ, бас маман	Абай облысы, Мақаншы ауданы, Мақаншы ауылы	Өзін – өзі ұсыну

Мақаншы аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Барқытбелбаурайы» ЖШС «Мақаншы айнасы» газеті сайлауалды үгіт материалдарын жариялау үшін тіркелген кандидаттар мен партиялық тізімдерге ұсынылған саяси партияларға баспа алаңын келісімшарт негізінде беру туралы хабарлайды.

Сайлау материалдарын жариялау «Қазақстан Республикасының кейбір Конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 29 маусымдағы №162-VI ҚР Конституциялық Заңының 28-бабы 3-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

Тіркелген кандидаттар мен партиялық тізімге ұсынылған саяси партиялар үшін үгіт материалдарын орналастыруға арналған баспа алаңының құны бір шаршы сантиметр үшін 350 теңгені құрайды. Мазмұны Конституцияға қарсы сипаттағы материалдар жариялауға жатпайды.

Мұрагерлік ашылды

2022 жылы 01 ақпанда қайтыс болған азамат Куласбаев Азаткан Кудайбергеновичтің артынан мұрагерлік ашылды. Мұрагерлер мен мүдделі тұлғалар нотариус А.Маусымбаеваға мына мекенжай бойынша жүгіне алады: Абай облысы, Мақаншы ауданы, Мақаншы ауылы, Қабанбай көшесі № 85 үй.

2026 жылы 20 қаңтарда қайтыс болған азамат Черикбаев Шарип Рахимбаевичтің артынан мұрагерлік ашылды. Мұрагерлер мен мүдделі тұлғалар нотариус А.Маусымбаеваға мына мекенжай бойынша жүгіне алады: Абай облысы, Мақаншы ауданы, Мақаншы ауылы, Қабанбай көшесі № 85 үй.

2025 жылы 06 қаңтарда қайтыс болған азамат Чожигов Кажығалий Ахметовичтің артынан мұрагерлік ашылды. Мұрагерлер мен мүдделі тұлғалар нотариус А.Маусымбаеваға мына мекенжай бойынша жүгіне алады: Абай облысы, Мақаншы ауданы, Мақаншы ауылы, Қабанбай көшесі № 85 үй.

2019 жылы 24 тамызда қайтыс болған азаматша Камзаева Тамара Ысмановнаның артынан мұрагерлік ашылды. Мұрагерлер мен мүдделі тұлғалар нотариус А.Маусымбаеваға мына мекенжай бойынша жүгіне алады: Абай облысы, Мақаншы ауданы, Мақаншы ауылы, Қабанбай көшесі № 85 үй.

ШЕКАРА ШЕБІНДЕ

**Ел шебіндегі елдіктің белгісі -
«Барлық-Арасан» шекара бөлімшесі**

Мақаншы ауданындағы шекара басқармасының «Барлық-Арасан» шекара бөлімшесі - еліміздің шығыс шекарасындағы тыныштық пен тұрақтылықтың тірегі. 1968 жылдан бері Қарабұлақ ауылдық округінің аумағында орналасқан бұл бөлімше шекара сақшыларын тәрбиелеу мен жас буынды отансүйгіштікке баулуда маңызды рөл атқарып отыр. Сонымен қатар бөлімше - ел шебінің тыныштығын қамтамасыз етіп, мемлекеттік шекараның беріктігін нығайтып отырған іргелі құрылым. Ауыл тұрғындары да шекарашылармен тығыз байланыста, бұл өз кезегінде ел мен жерге деген құрметтің белгісі.

Бөлімшенің географиялық орналасуы - стратегиялық маңызы зор. Алакөл бағыты арқылы өтетін маңызды шекара сызығын күзететін бөлімшеде жеке құрам толық жасақталған. Инженерлік құрылымдармен, заманауи техникалық жабдықтармен қамтамасыз етілген. Жауынгерлердің күнделікті жаттығулары, жауынгерлік дайындықтары - шекара шебіндегі тәртіп пен кәсібиліктің кепілі.



дылығы түсіндіріледі.

Шекара қауіпсіздігі - ортақ жауапкершілік. Сондықтан Қытай Халық Республикасымен 14 шақырымға жуық шектесетін күзету аймағы екі ел арасындағы өзара ынтымақтастық жағдайда орнатылған. Елдің шекарасын күзетумен қатар, «Барлық-Арасан» шекара бөлімшесі жастармен тығыз жұмыс істеп ке-

нының тумасы. ҰҚК Шекара академиясын тәмамдап, еңбек жолын Мақаншы ауданындағы «Тасты» шекара бөлімшесі бастығының орынбасары қызметінен бастаған. 2025 жылдың тамыз айынан бастап «Барлық-Арасан» шекара бөлімшесінің бастығы лауазымында қызмет атқарып келеді. Ал қызылордалық лейтенант Нұрсерік Алматұлы болса өткен жылдың тамыз айынан бастап «Барлық арасан» шекара бөлімшесі бастығының орынбасары қызметін атқаруда. Жалпы айтқанда, «Барлық-Арасан» шекара бөлімшесі - Отан шебін сенімді қорғаны. Ел тыныштығы мен халықтың бейбіт өмірі осы әскери бөлімшенің де еңбегімен тығыз байланысты. Мұндағы сарбаздар мен сардарлар - ел намысының қорғаушылары. Олар үшін шекара күзету - міндет қана емес, үлкен мәртебе!

Ердос Қайртай,
аға лейтенант,
Мақаншы
Шекара басқармасы



«Барлық-Арасан» шекара бөлімшесі мемлекеттік шекараны қорғау бойынша өзіне жүктелген міндеттерді жоғары деңгейде атқарып келеді. Әрбір заңсыз әрекетке тосқауыл қойып, шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету - басты бағыт. Заңнама мен нормативтік актілер негізінде күнделікті қызмет сауатты түрде ұйымдастырылады. Әскери қызметшілер өздерінің кәсіби даярлықтарын ұдайы шыңдап отырады. Сабақ кестесіне сай өткізілетін жаттығулар, тактикалық сабақтар мен әскери машықтану - жауынгердің ептілігін арттырып, рухын көтереді. Бұл бөлімшеде қызмет ету - патриоттық пен қайсарлықтың нақты көрінісі. Бөлімше қызметі тек әскери саламен шектелмейді, мұнда Қарабұлақ ауылдық округі тұрғындарымен бірлесіп, түрлі мәдени, патриоттық іс-шаралар ұйымдастырылады. Ашық есік күндері мектеп оқушыларына арналған экскурсиялар өткізіліп, шекарашы мамандығының маңыз-

дәлі. Жастарға шекарашы мамандығының маңызын түсіндірумен қатар, оларға Отан алдындағы борыш ұғымын терең ұғындыруды мақсат етеді. Шекара қызметінің беделін арттыру, елін сүйетін, тәртіпті де тәрбие көрген жас ұрпақты қалыптастыру - бұл бөлімшенің күнделікті миссиясының бір бөлігі. Шекарашылардың күнделікті өмірімен танысқан жастар болашақта осы мамандықты таңдауға ниет білдіріп жатады. Бөлімшенің офицерлік құрамы мен жеке құрамы шекараны күзету барысында заманауи техникаларды тиімді қолдана отырып, әрбір жағдайды жіті бақылауда ұстайды. Бұл - тек шекараны күзету ғана емес, сондай-ақ мемлекеттер арасындағы сенімді қарым-қатынастың айғағы. Бұл бағыттағы тығыз байланыс болашақта да бейбіт әрі берік шекараны қамтамасыз ететіні сөзсіз.

Бөлімше бастығы аға лейтенант Нұрбол Асылбекұлы Шманов - Алматы облысының Қарасай аудан-

Құттықтаймыз!

Бүгінде 80 жасқа толып отырған аяулы анамыз, Оралқан Құлжабайқызы туралы біздің айтарымыз көп. Жайсаң мінезді, жан дүниесі таза, артындағы ісіне сүйсіне қарап, абырой жинаған анамыз көпшіліктің көз алдына еңбек етті, абырой жинады, бүгінде бейнетінің зейнетін көрде. Ол сонау бір жылдары халқы мен ұрпағы үшін игі істер жасады, енді бүгін тарихтың бір бөлшегіне айналып отырған қазыналы қарттың бірі болды.

Тағдыр тауқыметін жеңе білген, сергек күйде сексен жасқа жеткен Оралқан Құлжабайқызы 5 ұрпақ тәрбиелеп өсірген, отбасындағы қара орманның ұшар биікке орналасқан алып бейтерегі. «Балаларым - менің бар бақытым, байлығым» - дейтін абзал ана 15 немере, 25 шөбере сүйіп отыр.

Құрметті ана! Сіз еңбекпен есейіп, өнермен көркейген, ұрпақтарыңызбен бақытыңызды тапқан адамсыз. Сізбен бірге бір күнде дүние есігін ашып, жасқа толған Дарияға жолыңызды берсін! Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат тілейміз! 80 жылдық мерейтойыңыз құтты болсын!

**Игі тілекпен:
Балалары, немерелері,
шөберелері.**

«МАҚАНШЫ АЙНАСЫ»*газетіне жазылу жүріп жатыр! !*

Ауданымыздың тыныс-тіршілігі, жаңалықтары, өзекті мәселелері мен жетістіктері туралы ақпаратты бізден оқыңыз!

ЖАЗЫЛУ ҚҰНЫ
(6 айға)

3500
ТЕҢГЕ



ЖАЗЫЛУДЫ «ҚАЗПОШТА» АҚ
бөлімшелері арқылы рәсімдеуге болады.

Ең жақын пошта бөлімшесіне
хабарласыңыз!

Газет индексі - 19019

«Мақаншы айнасы» - өз өңіріңіздің айнасы!



БІЗДІҢ ГАЗЕТИМІЗ - СІЗҮШІН!



СЕНІМДІ
АҚПАРАТ



ӨЗЕКТІ
ЖАҢАЛЫҚТАР



АУДАН ТЫНЫСЫ -
БІЗДІҢ БАСТЫ
ТАҚЫРЫБЫМЫЗ



ТІЛІМІЗ ТАЗА,
СТИЛІМІЗ КӨРКЕМ

БАҚ-тың меншік иесі:
"Барқытбел баурайы" ЖШС
"Мақаншы айнасы" газеті
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрлігі Ақпарат комитетінде
тіркеліп, 2024 жылғы 12 сәуірдегі
№КЗ14ВР00090763
күәлігі берілген.
Мекенжай: 19019, Үржар ауылы,
Абылайхан даңғылы, 116.

ДИРЕКТОР - РЕДАКТОР
Зухра НҰРЖАНҚЫЗЫ

Редактордың орынбасары
Әбен РАЗУЕВ

ДИРЕКТОР - РЕДАКТОР
тел.: 8 (72230) 3-36-11
Редактордың орынбасары
тел.: 8 775 307 42 55
Тілшілер
тел.: 8 700 249 37 18
Жарнама бөлімі:
8 (72230) 3-48-44
e-mail: cool.gazeta22010@yandex.kz

Жарияланған мақаладағы авторлардың пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің құзырында. Газет "Рекламный Дайджест" ЖШС-ның баспаханасында басылды. Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20/1. Газет аптасына бір рет шығады. **Таралымы 2350**